7) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға өздерінің мүшелері болып табылатын, бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлердің «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бұзғаны туралы мәліметтерді х а б а р л а у ғ а м і н д е т т і . » .

27. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 18, 142-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 8, 41-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 95-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат):

27-баптың 1-тармағының 2-1) тармақшасындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөз бен а у ы с т ы р ы л с ы н .

28. «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 9-10, 46-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 15, 97-құжат ; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 9-құжаттар):

24-баптың 3-тармағының б) тармақшасындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөз бен а у ы с т ы р ы л с ы н .

29. «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат):

1) тақырыптағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) кіріспедегі «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен күдікті операция (бұдан әрі – күдікті операция) – клиенттің операция жасау үшін пайдаланылатын ақша және (немесе) өзге мүлік қылмыстық әрекеттен түскен кіріс болып табылады деп не операцияның өзі қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) немесе терроризмді не өзге қылмыстық әрекетті қаржыландыруға бағытталған деп күдік туындататын операциясы (осындай операцияны жасауға ұмтылысты, жасалу процесіндегі операцияны немесе жасалған операцияны қоса алғанда);

2) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар – олармен байланысты азаматтық құқықтарды және міндеттерді белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған, оларды жүзеге асыру нысаны мен тәсіліне қарамастан жеке және заңды тұлғалардың ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен әрекеттері;

3) бенефициарлық меншік иесі – клиент-заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі жеке тұлға, сол сияқты клиентті өзгеше бақылауды жүзеге асыратын не оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға;

4) клиент – қаржы мониторингі субъектісі көрсететін қызметтерді алатын жеке немесе заңды тұлға;

5) корреспонденттік қатынастар – банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банктік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға байланысты операциялар жасау мақсатында басқа банктерге корреспонденттік шоттарды ашуы кезінде туындайтын шарттық қатынастар;

6) қалқа-банк – банктің тіркелген мемлекетте (аумақта) шоғырландырылған қадағалауға жататын банктік холдингінің тікелей немесе жанама иелігінде болуын қоспағанда, банк ретінде тіркелген және (немесе) банктік қызметті жүзеге асыруға лицензия алған мемлекетте (аумақта) іс жүзіндегі қатысуы жоқ резидент емес банк;

7) қаржы мониторингі – осы Заңға сәйкес уәкілетті орган және қаржы мониторингі субъектісі жүзеге асыратын, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және пайдалану жөніндегі шаралар жиынтығы;

8) қаржы мониторингіне жататын операциялар – осы Заңға сәйкес оларға қатысты қаржы мониторингі белгіленген ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар;

9) қылмыстық жолмен алынған ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыру – ақшаны заңдастыруға (жылыстатуға) бағытталған жалған мәміле жасау кезінде құжаттарды пайдалану арқылы қолма-қол ақшаны алу мақсатында жеке немесе заңды тұлғалар жасайтын әрекеттер;

10) қылмыстық жолмен алынған кірістер – қылмыс жасау нәтижесінде алынған ақша және (немесе) өзге мүлік;

11) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) – қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті мәмілелер жасау арқылы заңды айналымға тарту, сол сияқты көрсетілген ақшаны және (немесе) өзге мүлікті пайдалану;

12) терроризмді (террористік әрекетті) қаржыландыру – террористік әрекетті жүзеге асыру үшін террористерге және (немесе) террористік ұйымдарға ақша және (немесе) өзге мүлік беру немесе жинау не қаржылық қызметтер көрсету;

13) уәкілетті орган – осы Заңға сәйкес қаржы мониторингін жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қолданатын мемлекеттік о р г а н ;

14) шетелдік жария лауазымды адам – шет мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, әкімшілік немесе сот органына тағайындалатын немесе сайланатын, онда қандай да бір лауазымды атқаратын адам, сондай-ақ шет мемлекет үшін қандай да бір жария функцияны орындайтын кез келген адам;

15) шет мемлекеттің құзыретті органы – шет мемлекеттің өз заңнамасына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын органы;

16) іс жүзіндегі қатысуы – банктің басқару органдары мен персоналы бар, банктік қызметке қатысты құжаттарды есепке алу және сақтау жүргізілетін және резидент емес банкке банктік қызметті жүзеге асыруға лицензия берген уәкілетті органның тексерулері жүргізілетін, тұрақты мекенжай бойынша (пошта жәшігінің мекенжайынан немесе электрондық мекенжайдан басқа) орналасқан, банк қызметін жүргізу орны;

17) іскерлік қатынастар – қаржы мониторингі субъектісінің кәсіптік қызметті жүзеге асыруы процесінде туындайтын клиенттермен қатынастар.»;

4) 2-баптың тақырыбындағы және 1-тармағындағы «Заңсыз» деген сөз «Қазақстан Республикасының қылмыстық» деген сөздермен, «Қазақстан Республикасының заңнамасы» деген сөздер «заңнамасы» деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 2-тараудың тақырыбындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

6) 3 - б а п т ы ң 1 - т а р м а ғ ы н д а :

1) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) банкаралық ақша аудару жүйесінің операторын қоспағанда, банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;»;

«8) бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлер, аудиторлық ұйымдар;»;

10) тармақшадағы «почта операторлары жатады.» деген сөздер «почта операторлары;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

«11) микроқаржы ұйымдары;

12) банктер болып табылмайтын электрондық ақша жүйелерінің операторлары ж а т а д ы . » ;

7) 4-баптың 3 және 4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Күдікті операциялар, олардың жүзеге асырылу нысандарына және олардың жасалған не жасала алатын немесе жасалуы мүмкін болған сомасына қарамастан, қаржы мониторингіне ж а т а д ы .

Қазақстан Республикасының Үкіметі күдікті операцияны айқындау белгілерін
б е к і т е д і .

4. Осы Заңның 5-бабына сәйкес қаржы мониторингі субъектісінің клиент жасайтын операцияларды зерделеуі және осындай зерделеу нәтижелерін тіркеуі үшін:

1) клиенттің ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен күрделі, ерекше ірі не айқын экономикалық мәні немесе анық қойылған заңды мақсаты жоқ операцияны жасауы;

2) клиенттің осы Заңда көзделген, тиісінше тексеруден және (немесе) қаржы мониторингінен жалтаруға бағытталған әрекеттер жасауы;

3) клиенттің қылмыстық жолмен алынған ақшаны қолма-қол ақшаға айналдыруға бағытталған деп жорамалдауға негіз болатын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция жасауы ;

4) Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын мемлекетте (аумақта) тіркелген (тұратын) тұлға қатысушысы болып табылатын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен, сол сияқты осындай мемлекетте (аумақта) тіркелген банктегі шотты пайдалана отырып операциялар жасау міндетті негіздер болып табылады.

Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткілікті түрде орындамайтын мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесін Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобы (ФАТФ) шығаратын құжаттарды ескере отырып, уәкілетті орган жасайды және ол, өздеріне уәкілетті орган жеткізетін осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 12) тармақшасында көзделген қаржы мониторингі субъектілерін қоспағанда, қаржы мониторингі субъектілеріне оны жеткізетін тиісті мемлекеттік органдарға жіберіледі. » ;

8) 5 - б а п т а :

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қаржы мониторингі субъектілері Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру жөнінде шаралар қолдануға тиіс .

2. Қаржы мониторингі субъектілері мынадай:

1) клиентпен іскерлік қатынастар орнатылған;

2) қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар, оның ішінде күдікті операциялар жүзеге асырылған;

3) клиент (олардың өкілдері), бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған деректердің анықтығына күмән туғызған негіздер болған жағдайларда клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеруді жүзеге асырады . » ;

3 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац, 1) және 2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қаржы мониторингі субъектілерінің өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеруі мынадай шаралардың жүзеге асырылуын қамтиды:

1) жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді: оның жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін, жеке сәйкестендіру нөмірін (жеке тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ заңды мекенжайын тіркеу;

2) заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді: заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың деректерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (заңды тұлғаға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бизнес-сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда) не резидент емес заңды тұлға шет мемлекетте тіркелген нөмірді, сондай-ақ орналасқан жерінің мекенжайын тіркеу;»;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) бенефициарлық меншік иесін анықтау және, заңды мекенжайын қоспағанда, осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес оны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу.

Қаржы мониторингі субъектісі клиент-заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иесін анықтау мақсатында осындай клиенттің құрылтай құжаттары және акцияларын ұстаушылардың тізілімі не басқа көздерден алынған мәліметтер негізінде оның меншігі мен басқару құрылымын белгілейді.

Егер осы тармақшада көзделген шараларды қолданудың нәтижесінде клиент-заңды тұлғаның бенефициарлық меншік иесі анықталмаған жағдайда, клиент-заңды тұлғаның жеке-дара атқарушы органын не алқалы атқарушы органының басшысын бенефициарлық меншік иесі деп тануға жол беріледі.

Бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу клиент (оның өкілі) ұсынатын не өзге де көздерден алынған ақпараттың және (немесе) құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.»;

3) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді қажет болған кезде алуды және тіркеуді қоса алғанда, іскерлік қатынастарды тексеруді және осы қаржы мониторингі субъектісі арқылы клиент жүзеге асыратын операцияларды зерделеуді тұрақты негізде жүргізу;»;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің анықтығын тексеру және оларды жаңарту.

Клиентті (оның өкілін), бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтердің анықтығын тексеру тиісті құжаттардың түпнұсқаларының немесе нотариат куәландырған көшірмелерінің деректерімен салыстыру арқылы не қолжетімді көздерден алынған деректермен салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Клиенттің өкіліне қатысты осындай тұлғаның клиенттің атынан және (немесе) оның мүддесінде әрекет етуге өкілеттігі қосымша тексеріледі.

Мәліметтерді жаңарту клиент, бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған мәліметтердің анықтығына күмән тудыратын негіздер болған кезде, сондай-ақ ішкі бақылау қағидаларында көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Осы бапта көзделген шаралар мынадай жағдайларда:

1) электрондық ақшаны сәйкестендірілмеген иеленушілер-жеке тұлғалар «Ақша төлемі мен аударымы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-2-бабының 4-тармағында көзделген сомадан аспайтын электрондық ақшаны сатып алу және пайдалану бойынша операцияларды жүзеге асырған кезде;

2) клиент-жеке тұлға қолма-қол ақшаны қабылдауға арналған жабдық (құрылғы) арқылы жеке тұлғаның банк шотына ақша салу бойынша операцияларды жүзеге асырған кезде, егер мұндай операцияның сомасы 500 000 теңгеден не 500 000 теңгеге балама шетел валютасындағы сомадан аспаса;

3) клиенттің күдікті операция жасау жағдайларын қоспағанда, клиент банк шотын пайдаланбай қолма-қол ақшасыз ақша төлемін немесе аударымын жүзеге асырған кезде, егер мұндай ақша төлемінің немесе аударымының сомасы 2 000 000 теңгеден не 2 000 000 теңгеге балама шетел валютасындағы сомадан аспаса;

4) клиенттің күдікті операция жасау жағдайларын қоспағанда, клиент-жеке тұлға айырбастау пунктінде қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату немесе айырбастау бойынша операцияны жүзеге асырған кезде, егер мұндай операцияның сомасы 2 000 000 теңгеден не 2 000 000 теңгеге балама шетел валютасындағы сомадан аспаса;

5) клиент-жеке тұлға осындай клиенттің банк шотына қол жеткізу құралы болып табылмайтын төлем карточкасын пайдалана отырып, операцияны жүзеге асырған кезде, егер мұндай операцияның сомасы 200 000 теңгеден не 200 000 теңгеге балама шетел валютасындағы сомадан аспаса, қолданылмайды.»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қаржы мониторингі субъектілерінің өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеруі ішкі бақылау қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.»;

мынадай мазмұндағы 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

«5. Қаржы мониторингі субъектісі клиенттен (оның өкілінен) клиентті (оның өкілін) сәйкестендіру, бенефициарлық меншік иесін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды ұсынуын, сондай-ақ салықтық резиденттілігі, қызметінің түрі және

жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді ұсынуын талап е т у г е к ұ қ ы л ы .

Клиенттер (олардың өкілдері) қаржы мониторингі субъектілеріне, бенефициарлық меншік иелері туралы ақпаратты қоса алғанда, осы Заңда көзделген міндеттерді олардың орындауы үшін қажетті ақпаратты және құжаттарды беруге міндетті.

6. Осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 1) – 5), 11) және 12) тармақшаларында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілері осы баптың 3-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген, тиісті клиенттерге (олардың өкілдеріне) және бенефициарлық меншік иелеріне қатысты басқа қаржы мониторингі субъектілері, сондай-ақ шетелдік қаржы ұйымдары қолданған шараларға мынадай талаптар са қ т а л ғ а н к е з д е с ү й е н е а л а д ы :

1) осы баптың 3-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шаралар шеңберінде, басқа қаржы мониторингі субъектісі немесе шетелдік қаржы ұйымы қолданған тиісінше тексеру жөніндегі шараларға сүйенетін қаржы мониторингі субъектісі, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса алғанда, клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы деректерді дереу алуға тиіс;

2) шетелдік қаржы ұйымы қолданған тиісінше тексеру жөніндегі шараларға сүйенетін қаржы мониторингі субъектісі осындай шетелдік қаржы ұйымының қызметі өзі тіркелген мемлекетте лицензиялауға, реттеуге және қадағалауға жататынын және осындай шетелдік қаржы ұйымы осы баптың талаптарына ұқсас тиісінше тексеру жөнінде шараларды қолданатынын анықтауға тиіс.»;

9) 6-баптағы «субъектілері» деген сөзден кейін «, осы Заңның 5-бабының 3-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда,» деген сөздермен толықтырылып, « қабылдауға тиіс» деген сөздер «қолданады» деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 7-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«7-бап. Қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттерді қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүзеге асыруы кезінде тиісінше т е к с е р у і

1. Қаржы мониторингі субъектілері осы Заңның 4-бабына сәйкес қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізілгенге дейін осы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды, мұндай шаралар іскерлік қатынастар орнату кезінде қолданылған жағдайларды қоспағанда, қолданады.

2. Төлем карточкаларын пайдалана отырып ақша төлемдері мен аударымдарын, сондай-ақ осы Заңның 5-бабы 3-1-тармағының 1), 2) және 5) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, клиенттердің нұсқаулары бойынша қолма-қол ақшасыз ақша төлемдері мен аударымдарын жүзеге асыру кезінде екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар

м ы н а л а р д ы :

ақшаны жөнелтушінің және алушының (бенефициардың) тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) не толық немесе қысқартылған атауларын (заңды тұлғалар үшін);

егер ақша аударымы банк шотын пайдалана отырып жүзеге асырылса, ақшаны жөнелтушінің және алушының (бенефициардың) жеке сәйкестендіру кодтарын не егер ақша аударымы банк шотын пайдаланбай жүзеге асырылса, ақша төлемі немесе аударымы жөніндегі нұсқаудың нөмірін;

ақша жөнелтушінің сәйкестендіру нөмірін немесе мекенжайын (жеке және заңды тұлғалар үшін) не ақша жөнелтушінің жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірін (жеке тұлға үшін) қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген деректемелердің төлем құжатында болуын және олардың ақша төлеміне (аударымына) қатысушыға берілуін қамтамасыз етеді.

Екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар шетелдік қаржы мекемесінен ақша төлемі мен аударымы түскен кезде осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген ақпараттың төлем құжатында болуын бақылайды, сондай-ақ банк шотын пайдаланбай ақша аудару бойынша алушыны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркейді және сақтайды.»;

1 1) 8 - б а п т а :

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) клиенттің шетелдік жария лауазымды адамға, оның отбасы мүшелеріне және жақын туыстарына жататынын және (немесе) қатыстылығын тексеруді жүзеге асыруға;»

2) тармақшадағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

12) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. Шетелдік қаржы ұйымдарымен корреспонденттік қатынастар орнатылған кезде тиісінше тексеру

Осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілері осы Заңның 5-бабының 3-тармағында көзделген шаралардан басқа, шетелдік қаржы ұйымдарымен корреспонденттік қатынастар орнатылған кезде қ о с ы м ш а м ы н а л а р д ы :

1) респондент-шетелдік қаржы ұйымының беделі және қызметінің сипаты туралы, оның ішінде оны тіркеген елдің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын бұзғаны үшін оған санкция қолданылғаны туралы мәліметтер жинауды жүзеге асыруға және оларды құжаттық тіркеуге;

2) респондент-шетелдік қаржы ұйымы оны тіркеген елдің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасына сәйкес қолданатын ішкі бақылау шаралары туралы ақпаратты құжаттық тіркеуге, сондай-ақ қолданылатын ішкі бақылау

шараларының тиімділігін бағалауды жүзеге асыруға;

3) қалқа-банктермен корреспонденттік қатынастар орнатпауға және оларды сақтамауға;

4) респондент-шетелдік қаржы ұйымы өз шоттарын қалқа-банктердің пайдалануына рұқсат етпейтініне көз жеткізуге;

5) ұйымның басшы жұмыскерінің жаңа корреспонденттік қатынастар орнатуға рұқсатын алуға міндетті.

Респондент-шетелдік қаржы ұйымының қалқа-банктермен корреспонденттік қатынастарының болу-болмауы респондент-шетелдік қаржы ұйымы беретін және (немесе) қаржы мониторингі субъектісі өзге де көздерден алатын ақпараттың негізінде айқындалады.»;

13) 10 - бапта :

2-тармақтың екінші бөлігінің 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын :

«2) қызметінің ерекше түрі шетел валютасымен айырбас операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалар – операция жасалған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, бөлінген байланыс арналары арқылы электрондық тәсілмен немесе қағаз жеткізгіште;

3) осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 6) – 9), 11) және 12) тармақшаларында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілері – операция жасалған және (немесе) анықталған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, бөлінген байланыс арналары арқылы электрондық тәсілмен немесе қағаз жеткізгіште уәкілетті органға қазақ немесе орыс тілінде ұсынады.»;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Бұрын қаржы мониторингі субъектісі ұсынған қаржы мониторингіне жататын операциялар бойынша, оның ішінде күдікті операциялар туралы қажетті ақпарат алу мақсатында уәкілетті орган қаржы мониторингі субъектісіне қажетті ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды беруге сауал жібереді.

Осы Заңның 18-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында және 19-бабының 2-тармағында көрсетілген мақсатта уәкілетті орган қаржы мониторингі субъектісіне қажетті ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды беруге сауал жібереді.

Қаржы мониторингі субъектілері уәкілетті органға оның сауалдары бойынша қаржы мониторингіне жататын операциялар бойынша қажетті ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды :

1) осы Заңның 4-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес тиісті сауал алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде;

2) осы Заңның 4-бабының 4-тармағына сәйкес тиісті сауал алынған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде беруге міндетті.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың негізінде

берілетін мәліметтер мен ақпаратты қоспағанда, уәкілетті орган осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған операциялар бойынша мәліметтер мен ақпаратты сұратуға қ ұ қ ы л ы е м е с . » ;

1 4) 1 1 - б а п т а :

1 және 2-тармақтардағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қаржы мониторингі субъектілері ішкі бақылау қағидаларын әзірлейді, қабылдайды әрі орындайды және осы Заңда көзделген ішкі бақылауды жүргізу кезінде қаржы мониторингі субъектісінің қызметіне қойылатын талаптардан басқа, олар м ы н а л а р д ы :

қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылауды ұ й ы м д а с т ы р у б а ғ д а р л а м а с ы н ;

технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, клиенттердің тәуекелдерін және көрсетілетін қызметтерді қылмыстық мақсаттарда пайдалану тәуекелдерін ескеретін, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелін басқару бағдарламасын; клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасын;

клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса алғанда, клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және оларды зерделеу б а ғ д а р л а м а с ы н ;

қаржы мониторингі субъектілерінің қызметкерлерін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша даярлау және оқыту бағдарламасын;

ішкі бақылау қағидаларына сәйкес қаржы мониторингі субъектілері әзірлеуі мүмкін өзге де бағдарламаларды қамтуға тиіс.»;

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

«3-1. Қаржы мониторингі субъектілері Қазақстан Республикасында және оның шегінен тысқары жерлерде де орналасқан өз филиалдарының, өкілдіктерінің, еншілес ұйымдарының, егер бұл олардың орналасқан жеріндегі мемлекеттің заңнамасына қайшы келмесе, ішкі бақылау қағидаларын сақтауын және іске асыруын қамтамасыз е т е д і .

Қаржы мониторингі субъектілері уәкілетті органға және бақылау мен қадағалау органына Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерде орналасқан өз филиалдарының, өкілдіктерінің, еншілес ұйымдарының олардың орналасқан жеріндегі мемлекеттің заңнамасына қайшы келетіндіктен, ішкі бақылау қағидаларын сақтау және іске асыру мүмкіндігінің болмауы фактілері туралы хабарлауға міндетті.

3-2. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және

терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар қаржы мониторингі субъектілерінің түрлері бойынша уәкілетті органның және тиісті мемлекеттік органдардың бірлескен нормативтік құқықтық актілерімен белгіленеді.»;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Клиенттің дерекнамасын және онымен хат-хабар алмасуды қоса алғанда, клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтер қаржы мониторингі субъектілерінің клиентпен іскерлік қатынастарын тоқтатқан күннен бастап кемінде бес жыл сақтауына жатады.

Қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар және күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтер, сондай-ақ барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды зерделеу нәтижелері операция жасалғаннан кейін қаржы мониторингі субъектілерінің кемінде бес жыл сақтауына ж а т а д ы .

5. Қаржы мониторингі субъектілері мен олардың жұмыскерлері клиенттер мен өзге де тұлғаларға осы Заңға сәйкес осындай клиенттер туралы және олардың жасайтын операциялары туралы мәліметтер мен ақпаратты уәкілетті органға беруі туралы х а б а р л а у ғ а құ қ ы л ы е м е с . » ;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Қаржы мониторингі субъектілеріне жұмыскерлерді даярлау және оқыту бойынша қойылатын талаптарды тиісті мемлекеттік органдармен келісу бойынша уәкілетті о р г а н б е к і т е д і . » ;

1 5) 1 2 - б а п т а :

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Уәкілетті орган терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесін осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 12) тармақшасында көзделген қаржы мониторингі субъектілерінің назарына жеткізеді.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі өз құзыреті шегінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның, сондай-ақ басқа да құзыретті мемлекеттік органдардың уәкілетті органға беретін ақпаратына с ә й к е с ж а ң а р т ы л ы п о т ы р а д ы . » ;

4-тармақтың б) тармақшасындағы «арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының» деген сөздер «құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарының» деген сөздермен ауыстырылсын;

б - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

1 6) 1 3 - б а п т а :

тақырып және 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13-бап. Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту және оларды тоқтата тұру

1. Қаржы мониторингі субъектілері осы Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды қолдану мүмкін болмаған жағдайда, жеке немесе заңды тұлғаға іскерлік қатынастарды орнатудан бас тартуға, сондай-ақ ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тартуға міндетті.

Қаржы мониторингі субъектілері осы Заңның 5-бабы 3-тармағының б) тармақшасында көзделген шараларды қолдану мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ клиент жасайтын операцияларды зерделеу процесінде клиент іскерлік қатынастарды қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру мақсатында пайдаланыланады деген күдік туындаған жағдайда, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатуға құқылы.»;
мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

«1-1. Қаржы мониторингі субъектілері осы Заңның 12-бабының 1-тармағында көзделген, терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне уәкілетті органның ұйымды немесе жеке тұлғаны енгізгені туралы ақпаратты алған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей:

осындай ұйымның немесе жеке тұлғаның банк шоттары бойынша, сондай-ақ осындай жеке тұлға бенефициарлық меншік иесі болып табылатын клиенттің банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға;

осындай жеке тұлғаның банк шотын пайдаланбай ақша төлемі немесе аударымы бойынша нұсқауларды, сондай-ақ осындай жеке тұлға бенефициарлық меншік иесі болып табылатын клиенттің нұсқауларын орындауды тоқтата тұруға;

бағалы қағаздарды ұстаушылар тіркелімінің жүйесіндегі және осындай ұйымның немесе жеке тұлғаның жеке шоттарында, сондай-ақ осындай жеке тұлға бенефициарлық меншік иесі болып табылатын клиенттің жеке шоттарында номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздарды бұғаттауға;

осындай ұйым немесе жеке тұлға жасайтын не олардың пайдасына жасалатын, сол сияқты осындай жеке тұлға бенефициарлық меншік иесі болып табылатын клиент жасайтын не оның пайдасына жасалатын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен өзге де операциялар жүргізуден бас тартуға міндетті.

Банк шоттары бойынша шығыс операцияларын, бағалы қағаздарды ұстаушылар тіркелімінің жүйесіндегі және жеке шоттар бойынша номиналды ұстауды есепке алу жүйесіндегі бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелерді тіркеуді, сондай-ақ осы Заңның 12-бабының 1-тармағында көзделген, терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне енгізілген ұйымдар мен жеке тұлғалардың ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен өзге де операцияларын қаржы мониторингі субъектілері сот шешімі, салық және (немесе) кеден органдарының инкассолық өкімдері, салық және (немесе) кеден органдарының иелік ету шектелген

мүлікті өндіріп алу туралы қаулылары негізінде, сондай-ақ ұйым немесе жеке тұлға осы Заңда көзделген тәртіппен жоғарыда көрсетілген тізбеден шығарылғаннан кейін жүзеге асыруы мүмкін.»;

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру фактілерінің алдын алу және жолын кесу мақсатында қаржы мониторингі субъектілері операция күдікті ретінде танылған кезде уәкілетті органға осындай операция туралы ол жүргізілгенге дейін дереу хабарлауға міндетті.

Уәкілетті органның қаржы мониторингін жүзеге асыруы мақсатында тоқтата тұру мүмкін болмайтын күдікті операциялар туралы хабарларды қаржы мониторингі субъектілері уәкілетті органға олар жасалғаннан кейін үш сағаттан кешіктірмей не мұндай операциялар анықталған кезден бастап жиырма төрт сағаттың ішінде береді.

Күдікті деп танылған операция жасалғаннан кейін ол туралы хабарды қаржы мониторингі субъектісі уәкілетті органға осындай операция күдікті деп танылған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Қаржы мониторингі субъектілері уәкілетті органға осы баптың 1-тармағында көзделген негіздер бойынша жеке немесе заңды тұлғамен іскерлік қатынастар орнатудан бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операция жүргізуден бас тарту фактілері туралы, сондай-ақ осы баптың 1-1-тармағында көзделген жағдайларда операцияларды тоқтата тұру фактілері туралы хабарларды қаржы мониторингі субъектісі тиісті шешім қабылдаған (әрекет жасаған) күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

3. Уәкілетті орган осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде көзделген хабарды алып, оны алған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде, егер қаржы мониторингі субъектісі ұсынған күдікті операция туралы хабар уәкілетті органның жүргізген талдау нәтижелері бойынша негізді деп танылған болса, күдікті операцияның жүргізілуін үш жұмыс күніне дейінгі мерзімге тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды.

Уәкілетті орган осы Заңның 18-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген күдікті операция туралы хабарды алып, егер ақпарат алынған кезде ол әлі жасалмаған болса, мұндай операцияны тоқтата тұруға құқылы.

Күдікті операцияны тоқтата тұру туралы не күдікті операцияны тоқтата тұрудың қажеттігі жоқ екендігі туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды және ол күдікті операция туралы хабарды ұсынған қаржы мониторингі субъектісінің және мемлекеттік органның назарына электрондық тәсілмен немесе қағаз жеткізгіште жеткізіледі.»;

5 - т а р м а қ т а :

бірінші және екінші бөліктердегі «арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына», «арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары» деген сөздер тиісінше «құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға», «құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдар» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының» деген сөздер «құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1 және 5-2-тармақтармен толықтырылсын:

«5-1. Құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардан осы баптың 5-тармағына сәйкес берілген, аталған операция терроризмді қаржыландыруға бағытталады деп жорамалдауға негіздер бар күдікті операцияны тоқтата тұру қажеттілігі туралы шешім алынған жағдайда, уәкілетті орган осындай операцияның қатысушылары болып табылатын тұлғалардың банк шоттары бойынша шығыс операцияларын күнтізбелік он бес күнге дейінгі мерзімге тоқтата тұру туралы шешім шығарды.

Терроризмді қаржыландыруға бағытталады деп жорамалдауға негіздер бар операциялардың қатысушылары болып табылатын тұлғалардың банк шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды және ол осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген қаржы мониторингі субъектілерінің назарына жеткізіледі.

Уәкілетті орган банк шоттары бойынша шығыс операцияларының тоқтатыла тұруы туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына және осы шешімді берген құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдарға хабарлайды.

5-2. Күдікті операцияны тоқтата тұру мерзімі өткеннен кейін уәкілетті органның шешімі бойынша операция Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген, осындай операцияны жүргізуге кедергі келтіретін өзге де негіздер болмаған кезде жүргізілуге тиіс.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Осы Заңға сәйкес ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту, сондай-ақ оларды тоқтата тұру тиісті шарттардың (міндеттемелердің) талаптарын бұзғаны үшін қаржы мониторингі субъектілерінің азаматтық-құқықтық жауаптылығына негіздер болып табылмайды.»;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтата тұру осындай тоқтата тұру салдарынан келтірілген залал, оның ішінде жіберіп алған пайда үшін уәкілетті органның азаматтық-құқықтық немесе өзге де жауаптылығының туындауына негіз болып табылмайды.»;

17) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың сақталуын бақылау

Қаржы мониторингі субъектілерінің Қазақстан Республикасының қылмыстық

жолмен алған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы ақпаратты тіркеу, сақтау және беру, клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру, қаржы мониторингіне жататын операцияларды тоқтата тұру және оларды жүргізуден бас тарту, өз қызметі процесінде алынған құжаттарды қорғау бөлігінде орындауын, сондай-ақ ішкі бақылаудың ұйымдастырылуын және орындалуын бақылауды тиісті мемлекеттік органдар өздерінің құзыретіне сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.";

18) 15-баптың 1) - 5) тармақшаларындағы "заңсыз" деген сөз "қылмыстық" деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

1 9) 1 6 - б а п т а :

бүкіл мәтін бойынша "Заңсыз", "заңсыз" деген сөздер тиісінше "Қылмыстық", " қ ы л м ы с т ы қ " д е г е н с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4-1) тармақшадағы "арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының" деген сөздер "құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5) тармақшадағы "арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының" деген сөздер "құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

8) және 9) тармақшалардағы "заңсыз" деген сөз "Қазақстан Республикасының қылмыстық" деген сөздермен ауыстырылып, "Қазақстан Республикасының" деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

12) және 13) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"12) халықаралық ұйымдардың, бірлестіктердің және өзге де жұмыс топтарының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы қызметіне белгіленген тәртіппен қ а т ы с а д ы ; " ;

"13) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісу бойынша осы Заңның мақсаттары үшін оффшорлық аймақтар тізбесін айқындайды;"

2 0) 1 7 - б а п т а :

1 - т а р м а қ :

3) тармақшадағы "заңсыз" деген сөз "Қазақстан Республикасының қылмыстық" деген сөздермен ауыстырылып, "Қазақстан Республикасының" деген сөз алып т а с т а л с ы н ;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) сұрау салу бойынша немесе дербес түрде шет мемлекеттің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы құзыретті органымен ақпарат алмасуға;"

б) тармақшадағы «заңсыз» деген сөз «Қазақстан Республикасының қылмыстық» деген сөздермен, «Қазақстан Республикасы заңнамасының» деген сөздер «заңнамасының» деген сөзбен, «жіберуге құқылы.» деген сөздер «жіберуге;» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

«7) құқық қорғау органдарымен және арнаулы мемлекеттік органдармен бірлесіп, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға байланысты мәліметтер мен ақпарат алмасу және оларды беру бойынша өзара іс-қимыл тәртібін айқындауға құқылы.»;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

21) 18 - бапта:

1 - тармақта:

бірінші абзацтағы «заңсыз» деген сөз «Қазақстан Республикасының қылмыстық» деген сөздермен, «Қазақстан Республикасы заңнамасын» деген сөздер «заңнамасын» деген сөзбен, 1) тармақшадағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен және 2) тармақшадағы «заңсыз» деген сөз «Қазақстан Республикасының қылмыстық» деген сөздермен, «Қазақстан Республикасы заңнамасының» деген сөздер «заңнамасының» деген сөзбен ауыстырылсын;

3 - тармақта:

бірінші бөліктегі «Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының» деген сөздер «Құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

«Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары» деген сөздер «Құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдар» деген сөздермен ауыстырылсын;

«заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың сауалдарын орындауды уәкілетті орган қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы республикалық дерекқордағы қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпараттар шегінде, сондай-ақ шет мемлекеттердің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы құзыретті органдарынан алынған мәліметтер мен ақпарат шегінде жүзеге асырады.

Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органның, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының және уәкілетті органның бірлескен нормативтік құқықтық актісінде

айқындалатын тәртіппен сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органға беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы, сондай-ақ қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттері туралы мәліметтер мен ақпаратты уәкілетті орган осы Заңда көзделмеген тәртіппен бермейді.»;

6 - т а р м а қ т а :

«мәдени құндылықтарды,» деген сөздердің алдынан «декларацияланған» деген сөзбен толықтырылсын;

«қаржы мониторингіне жататын,» деген сөздер алып тасталсын;
2 2) 1 9 - б а п т а :

тақырыптағы, 1 және 2-тармақтардағы «Заңсыз», «заңсыз» деген сөз тиісінше «Қылмыстық», «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

«заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«Уәкілетті орган қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес келісімдер ж а с а с у ғ а құ қ ы л ы . » ;

4-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасындағы және үшінші бөлігіндегі «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

23) 20-баптың тақырыбындағы және 1-тармағындағы «Заңсыз» деген сөз «Қазақстан Республикасының қылмыстық» деген сөздермен, «Қазақстан Республикасының заңнамасын» деген сөздер «заңнамасын» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н .

30. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 95-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 11-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 16, 83-құжат; № 21-22, 115-құжат; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 4-5, 24-құжат):

көрсетілген Заңға қосымшаның 1-тармағының 5б) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «Қазақстан Республикасының қылмыстық» деген сөздермен ауыстырылып, «Қазақстан Республикасы» деген сөздер алып тасталсын.

31. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы

Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 1, 3-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 94-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат):

15-баптың 1-тармағының 14) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

32. «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 20, 120-құжат; № 4-5, 24-құжат):

1) 7-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын: «5-1) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға мәліметтерді хабарлауға ; » ;

2) 27-бап мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын: «6-1) микроқаржы ұйымдарының Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарды сақтауын бақылауды жүзеге асырады ; » .

33. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 10-11, 55-құжат; № 21-22, 115-құжат; 2014 ж., № 1, 1 - құжат ; № 6, 28 - құжат) :

55-баптың 8-тармағы бірінші бөлігінің 3) тармақшасындағы, 57-баптың 4-тармағының 7) тармақшасындағы және 58-баптың 8-тармағының 10) тармақшасындағы «заңсыз», «Заңсыз» деген сөздер тиісінше «қылмыстық», «Қылмыстық» деген сөздермен ауыстырылсын .

2 - б а п .

1. Осы Заң, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін 1-баптың 5-тармағының 2) және 5) тармақшаларын, 13-тармағының 5) тармақшасын, 23 және 26-тармақтарын, 29-тармағының 3) тармақшасының төртінші және алтыншы абзацтарын, 6)және 7) тармақшаларын, 8) тармақшасының екінші – жиырма бесінші, отыз үшінші – қыркыншы абзацтарын, 10) және 13) тармақшаларын, 14) тармақшасының үшінші – оныншы, он төртінші – он жетінші, он тоғызыншы және жиырмасыншы абзацтарын, 15) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 16) тармақшасының бесінші абзацын, 17) тармақшасын, 21) тармақшасының он бірінші абзацын және 32-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заңның 1-бабының 13-тармағы 3) тармақшасының екінші және төртінші абзацтары 2014 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Осы Заңның 1-бабының 13-тармағы 3) тармақшасының үшінші абзацы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н.Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК